

Менің арманым

Эпизод 1

Кешкі уақыт. Бөлмеде жасөспірім Алияр диванда отыр. Қолында телефон, TikTok-та COVID-19 жайлы бейнелер бірінен соң бірі өтіп жатыр: ауруханалар, бетперде киген дәрігерлер, жаңалық тақырыптары.

Алияр бір сәт ойланып қалады. Телефонды қоя салып, ноутбукты ашады да, Google-ға жазады:

— Менің арманым.

Эпизод 2

Араға жылдар салып, есейген Алияр жарық коридордан өтіп, сұхбат үстеліне отырады.

Экранда жазу: Муратов Алияр — дәрігер.

Алияр:

— 2020 сыншы жыл, COVID-19 елімізге жеткен сәтте біз бір шындықты анық көрдік, медицина жүйеміз бұл жайтқа дайын емес еді. Ауруханаларда орын жетіспеді. Қарапайым бетперде мен дәрі тапшылығы талай адамның өмірін қиды. Дәрігерлер қолынан келгенінің бәрін жасады. Бірақ жүйенің әлсіздігі бұл мәселені шешуге дайын болмады.

Экранда сол уақыттағы жаңалық кадрлары көрсетіледі: аурухана дәліздері, дәрігерлердің шаршаған жүздері.

Алияр (жалғастырады):

— Сол күндері мен бірнәрсені түсіндім. Бізге жай ғана маман емес өз ісінің шеберлері керек. Білімді, батыл, мейірімді адамдар керек. Мен өзіме уәде бердім болашақта медицинаға үлесімді қосатын, адамдардың өмірін құтқаруға шынымен де дайын маман боламын.

Эпизод 3

Алияр подъезден шығып, аурухана қасынан көзін алмай өтеді.

Сұхбат кадры:

— Арман жай ғана ой емес, арман – жауапкершілік. Менің арманым – елге пайдасын тигізетін нағыз кәсіби дәрігер болу. Бұл жол жеңіл емес екенін білемін. Ол үшін білім, еңбек, шыдамдылық қажет.

—

Эпизод 4

Алиярдың ноутбук арқылы дайындалып отырғаны.

Алияр сұхбатта:

— Кәсіби маман болу жай ғана диплом алу емес. Ол әр науқастың тағдырына бейжай қарамау, дұрыс шешім қабылдау. Менің жолым кішкентай қадамдар жасау, оқып үйрену, тәжірибе жасау, ұстаздардан кеңес алу және әрине қиындыққа мойымау.

Аурухана алдында Алияр тоқтап:

— Бұл – менің мүмкіндігім, – дейді.

Халатын киіп, дәлізбен жүріп келеді. Бір әріптесі келіп:

— Алияр мырза, күрделі ота жасауға сіздің шұғыл көмегіңіз керек болып тұр. – дейді

— Жүріңіз, – деп ілесе кетеді.

Ол қолын жуып, бетперде киіп, ота бөлмесіне кіреді.

Кадрлар: құралдар үстелі, дәрі-дәрмек, ота жасау сәттері, Алиярдың нағыз біреудің өмірі үшін күресу сәттері.

—

Эпизод 5

Алияр отадан шығып, терең тыныс алып:

— Ота сәтті аяқталды, – дейді.

Сұхбатта:

— Осылайша мен кәсіби маман атандым. Өз ісіңнің шебері болу үшін тек білім емес, жүрек пен ниет керек. Сенің әр ісің, әр қадамың біреудің өмірін өзгертуі мүмкін.

Экранда Абайдың сөзі пайда болады:

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Соңы